А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

## 6В02301 Қазақ филологиясы

## 2019, 2020 жылдарда қабылданғандар үшін

ҚОСТАНАЙ, 2021

**Құрастырушылар:**
Ахметова Б.З. – ф.ғ.к., доцент, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі
Тасмағамбетова З.Ж. – тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, филология магистрі

Элективті пәндер каталогы. -Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, 2021. - 47 б.

Элективті пәндер каталогы қысқаша сипаттамасы, оқыту мақсаты, оқу мазмұны және күтілетін оқу нәтижесі көрсетілген таңдау компонентіне кіретін пәндер тізімін қамтиды. 2019, 2020 жылдарда қабылданған кредиттік технология бойынша оқитын студенттерге арналған.

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ-дың оқу-әдістемелік кеңесі отырысында бекітілді, 24.02.2021 ж. № 2 хаттама

© А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті

## Мазмұны

Кіріспе............................................................................................................4
Семестр бойынша элективті пәндерді бөлу ..……..................................................5
1 2 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер..............................................6
2 3 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер......…...................................20
3 4 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер…........................................36

# Кіріспе

Элективті пәндер каталогы оқытудың кредиттік жүйесі бойынша құрастырылады. Элективті пәндер каталогы жүйеленген таңдау бойынша пәндер тізімін және олардың қысқа сипаттамасын қарастырады.

Студент мамандықтардың міндетті компонент/жоғары оқу орны компонентінің  пәндерін меңгерумен қатар, ұсынылып отырған таңдау бойынша пәндерді таңдап алуы тиіс.

Элективті пәндерді таңдауға эдвайзер кеңес береді. Студент эдвайзермен бірлесе отырып, студенттің жеке оқу жоспарын құру үшін пәндерге жазылу нысанын толтырады.

Құрметті студенттер! Білім беру траекториясының біртұтастығының ойластырылуы сіздің болашақта маман ретінде кәсіби дайындығыңыздың деңгейіне ықпал ететінін есте сақтауыңыз керек.

# Семестр бойынша элективті пәндерді бөлу

| Пәннің атауы | Кредиттер саны | Академиялық кезең |
|---|---|---|
| Экология және тіршілік қауіпсіздігі | 5 | 3 |
| Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | | |
| Экономика және кәсіпкерлік негіздері | | |
| Көшбасшылық негіздері | | |
| Латын негізді қазақ әліпбиі | 3 | 3 |
| Қазақ жазуының тарихы | | |
| Түркі филологиясына кіріспе | 5 | 3 |
| Түркітану | | |
| Нормативтік қазақ тілі | 5 | 4 |
| Практикалық қазақ тілі | | |
| XY-XYIII ғ. қазақ әдебиетінің тарихы | 5 | 4 |
| Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті | | |
| XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы | 5 | 4 |
| Орта ғасырлардағы қазақ әдебиеті | | |
| XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы (1900-1930ж.) | 5 | 5 |
| XX ғасыр басындағы ағартушылық әдебиет | | |
| Қазіргі орыс тілі | 5 | 5 |
| Нормативтік орыс тілі | | |
| Әлем әдебиетінің тарихы | 5 | 5 |
| Орыс әдебиетінің тарихы | | |
| Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі | 5 | 6 |
| Құрмалас сөйлем синтаксисінің практикумы | | |
| XX ғасырдың II-жартысындағы қазақ әдебиеті | 5 | 6 |
| XX ғасырдағы тарихи проза | | |
| Қазақ тілін оқытудың әдістемесі | 5 | 6 |
| Қазақ тілін оқытудың педагогикалық технологиялары | | |
| Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі | 5 | 7 |
| Қазақ әдебиетін оқытудың педагогикалық технологиялары | | |
| Педагогика және жас ерекшелік психологиясы | 5 | 7 |
| Бәсекеге қабілетті тұлға психологиясы | | |
| Жастар саясаты | 3 | 7 |
| ҚР діни саясаты | | |
| ***«Аударма ісі» білім беру бағдарламасы*** | | |
| Салыстырмалы грамматика | 5 | 6 |
| Аударманың теориясы мен практикасы | 5 | 7 |
| Аудармашы жұмысындағы Интернет-технология | 5 | 7 |
| Функционалдық стилистика | 3 | 7 |
| ***«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы*** | | |
| Қазақ тілінің тарихи грамматикасы | 5 | 6 |
| Қазақ тілінің фразеологиясы | 5 | 7 |
| Қазақ балалар әдебиеті | 5 | 7 |
| Қазақ әдеби тілінің тарихы | 3 | 7 |
| Модуль 1 Қазіргі орыс тілі практикумы<br>Пән 1 Қазіргі орыс тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы<br>Пән 2 Қазіргі орыс тілінің жай сөйлем синтаксисі | 5,5 | 6 |
| Модуль 2 Minor | | |

1 2 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер

| ***Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері / Основы права и антикоррупционной культуры / Basics of Law and Anti-Corruption Culture*** |
| --- |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша құқықтық білім мен азаматтық ұстаным жүйесін қалыптастыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>Қазақстанның қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелерін, Мемлекеттік басқару органдарының жүйесін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мәнін, себептері мен шараларын түсінетін болады;<br>- оқиғалар мен әрекеттерді заң тұрғысынан талдайды;<br>- нормативтік актілерді қолдану, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың рухани-адамгершілік тетіктерін қолданады;<br>- меңгеруі тиіс: түрлі құжаттарға құқықтық талдау жүргізу дағдылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіру дағдылары;<br>- өз өмірінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық білімді қолдану;<br>- білуге тиіс: сыбайлас жемқорлықтың мәні және оның пайда болу себептері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік және құқықтық жауапкершілік шаралары;<br>меңгеруі керек: моральдық сана құндылықтарын іске асыру және күнделікті практикада адамгершілік нормаларын ұстану; жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру бойынша жұмыс жасау. |
| ***Курстың қысқаша мазмұны/ Краткое содержание курса*** |
| Мемлекет пен құқықтың негізгі ұғымдары мен категориялары. Құқықтық қарым-қатынастар. ҚР конституциялық құқығының негіздері. ҚР Әкімшілік және қылмыстық құқық негіздері. ҚР Азаматтық құқық негіздері.<br>"Сыбайлас жемқорлық" ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шарты ретінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастарын жетілдіру. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлық табиғатының психологиялық ерекшеліктері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылы. |
| ***Бағдарлама жетекшісі/ Руководитель программы*** |
| Байтасова М.Ж. |

| ***Экология және тіршілік қауіпсіздігі / Экология и безопасность жизнедеятельности/ Ecology and Life Safety*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Техносфера мен табиғи экожүйелер қызметіндегі қауіпті және төтенше қауіпті жағдайларда ескерту қабілеттері және экоқорғау ойлауды қалыптастыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>-экологияның, тіршілік қауіпсіздігі мен тұрақты дамудың негізгі тұжырымдамаларын, антропогендік қызметтің әлеуметтік-экологиялық салдарын түсінеді;<br>- олардың жай-күйінің қауіпті деңгейінің туындауының алдын алу үшін табиғи және техногендік жүйелердің дамуы мен орнықтылығының зерделенген заңдылықтарын қолданады;<br>- іске асырылған және ықтимал қауіптердің теріс әсерін және олардың деңгейлерін, антропогендік қызмет тәуекелдерін бағалайды;<br>- техносфераның қауіпсіздігін арттыру бойынша іс - шараларды жоспарлайды;<br>-өз бетінше жұмыс істеу, командада жұмыс істеу, шешім қабылдау, сыни ойлау, цифрлық және ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолданады, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларына ие болады. |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Аутэкология. Демэкология. Синэкология. Биосфера-ноосфералық концепциясы. Табиғи ресурстары және оларды тиімді пайдалану. Қазіргі жаһанды экологиялық және әлеуметтік -экологиялық мәселелер. Қоршаған орта және тұрақты даму. Қазақстан тұрақты даму жолында. Жасыл экономика.Қолайлы тәуекелдің концепциясы. Қауіпті және зиянды факторлардың жіктелуі. |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Жокушева З.Г |

| *Экономика және кәсіпкерлік негіздері/ Основы экономики и предпринимательства/ Basics of economics and business* |
| --- |
| *Оқу мақсаты / Учебная цель* |
| Салауатты экономикалық ойды, бәсекелестік ортада кәсіпорындардың табысты кәсіпкерлік қызметін ұйымдастырудың теориялық және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру. |
| *Оқыту нәтижесі / Результаты обучения* |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- қазіргі заманғы экономика принциптері мен заңдылықтардың қызмет етілуін, экономикалық категориялар, микро және макродеңгейдегі ұғымдық аппаратты түсінеді;<br>- экономикалық жағдайды талдайды;<br>- кәсіпкерлік қызметтің осы немесе басқа түрлерінің базалық процестерін белгілейді;<br>- табысты кәсіпкерлік қызметіне мінездеме береді;<br>- бизнес-жоспарды құрады және ұсынады;<br>- алған білімдерін пайдалы кәсіпкерлік қызмет үшін қолданады;<br>- кәсіпкерлік қызметті экономикалық және әлеуметтік басқару саласында дұрыс шешім қабылдай алады. |
| *Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса* |
| Экономика қызмет етуінің іргелі мәселелері. Капитал. Сұраныс пен ұсыныс нарығы. Бәсекелестік және монополия. Кәсіпкерлік: түсінігі, мәні, негізгі түрлері және ұйымдастыру нысандары. Кәсіпкерлік қызметтегі тәуекелдер. Коммерциялық құпия және оны қорғау тәсілдері. Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру. Кәсіпкерлік мәдениеті және этикасы. |
| *Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы* |
| Баязитова И.А. |

| ***Көшбасшылық негіздері / Основы лидерства / Basics of Leadership*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| студенттердің көшбасшылық қасиеттерді, стильдерді, кәсіпорын, аймақ және жалпы ел деңгейінде әсер ету әдістерін тиімді пайдалану арқылы адамдардың мінез-құлқын және өзара әрекеттесуін тиімді басқару әдістемесі мен практикасын меңгеру |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- басқарудың барлық деңгейлеріндегі ұйымдардағы көшбасшылық мәселелерін теориялық және практикалық шешуге ғылыми көзқарастың мәні мен әдістерін түсінеді;<br>- басқарушылық міндеттерді шешу үшін көшбасшылық пен биліктің негізгі теорияларын қолданады;<br>- жеке басының артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни бағалайды<br>- ұжымда жұмыс істеу; әлеуметтік маңызды мәселелер мен үдерістерді талдайды, топтық динамика үдерістерін және команданы қалыптастыру қағидаттарын білу негізінде топтық жұмысты тиімді ұйымдастырырады;<br>- тұлғааралық, топтық және ұйымдастырушылық коммуникацияларды талдау және жобалайды;<br>- іскерлік қарым-қатынас дағдыларына ие болады; әр түрлі жағдайларға байланысты басқарудың алуан түрлі стильдеріне ие болады; көшбасшылық қасиеттерді зерттеу әдістері мен әдістемелеріне, көшбасшылық қабілеттерді дамыту технологияларына ие болады. |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Көшбасшылықтың табиғаты мен мәні. Көшбасшылық және менеджмент. Көшбасшылықтың дәстүрлі концепциялары. Көшбасшылықтың инновациялық концепциялары. Топтар, командалар және команда құру. Көшбасшының дамуы. Өзгерістерді жүзеге асыру кезіндегі көшбасшылық. Көшбасшылық мәселелері. |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Есімхан Г.Е. |

| ***Латын негізді қазақ әліпбиі / Казахский алфавит на основе латинской графики / Kazakh alphabet based on latin graphics*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Қазақ тілінің жалпыға ортақ, міндетті емле ережелерімен бекітілген заңнамалық нормаларына сәйкес тіл дыбыстары мен олардың орфографиялық, орфоэпиялық, жазу, айту, оқу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>-қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруді тұтастай кезең-кезеңмен жүзеге асыруды қалыптастырады; жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақжазуын жаңғыртуды лингвотеориялық негіздейді; білім алушылар сөздің мағынасын түсініп, лексика және грамматикалық талаптарды, ұғымдар мен категорияларды жан-жақты терең қамтиды;<br>-жаңа әліпбиді пайдалана отырып еркін түрде оқу-жазуды, қазақ тілінің емлесінің ережелерін, тіл заңдылықтарын, ерекшеліктерін, айырмашылықтарын біліп, жаңа емлеге енгізілген жаңалықтарды, емле ережесінің құрылымы мен ұстанымдарын, қазақ тілінің емлесінің ережелерін, жаңа емлені іс жүзінде қолдануды үйренеді. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Тіл біліміне кіріспе |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын модерницазиялаудың лингво-теориялық негіздемесі. Әліпбилер тарихы. Әліпби ауыстырудағы негізгі тұжырымдар. Латын негізді жазудың фонетика-фонологиялық, орфографиялық, терминологиялық, ономастикалық, оқу-әдістемелік негіздері. Жаңа әліпби негізінде лексикография орфограммалардың теориялық негіздері жаңа ережелері. Тілтаным ұлттық мәдениет. Қазақ сөздерінің лингвомәдени негіздері. Терминография. Қазақ тілінің жаңа әліпби негізіндегі пунктуациялық ережелері. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Нормативтік қазақ тілі, Практикалық қазақ тілі |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тулегенова Ш.И. |

| *Қазақ жазуының тарихы/История казахской письменности/History of Kazakh writing* |
| --- |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы фонетикалық өзгерістердің рөлін, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктерін, сөзжасам жүйесі мен оның теориялық номинациялық қисындарын, грамматикалық құрылымындағы тұлғалық және қызметтік, мағыналық өзгерістердің себебі мен салдарын, сөз және сөйлем құрылымының күрделену сипатын т.б. ғылыми негіздерін кешенді түрде оқыту. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- қазақ тілінің тарихи грамматикасының лексикасын, фонетикасын, грамматикасын біледі, грамматикалық талдаулар жасай біліп, сөйлемнің жай және күрделі сөз екенін және олардың қай сөз табына жататынын ажырата біледі;<br>- *қ*азақ тіліндегі сөздердің шығу тарихы, түрлену жүйесі, фонетикалық, лексикалық ерекшеліктерін қазіргі қазақ тілі аясында салыстырады, теориялық ұғымдарды анық түсініп, тілді оқытуда кәсіби практикалық біліктілігін қалыптастырады;<br>- пән бойынша білім алушылар грамматикалық, морфологиялық және фонетикалық талдаулар жасауды біледі. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Тіл біліміне кіріспе |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Қазақ тілінің тарихи дамуы, зерттелуі. Тарихи лексикология. Тарихи фонетика. Тарихи сөзжасам. Тарихи морфология. Тарихи синтаксис. Жай сөйлемнің дамуы. Құрмалас сөйлем. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Нормативтік қазақ тілі, Практикалық қазақ тілі |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тулегенова Ш.И. |

| |
|---|
| ***Түркі филологиясына кіріспе / Введение в тюркскую филологию / Introduction in turkology*** |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Түркі тілдерінің туыстық белгісі, лексикалық құрамы мен дыбыстық жүйесі жағынан жақын тілдер, қазақ тілінің таралу жүйесі, туыстас түркі тілдерінің топтастырылуы, классификация жасаудың маңызы мәселелерін ұғындыру. Үнді – Европа, Орал – Алтай тілдерін салыстыру. Түркі тілдерінің таралуын, бірнеше топтар мен семьяларға бөліп қарау, Түркі тілдерін алғашқы зерттеушілерін, классификация жасаушы ғалымдармен таныстыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- түркі тілдерінің даму кезеңдерін, жеке тіл деңгейіне жету жолын, көне түркі тілдерін біледі, Орхон-Енесей әліппесімен танысу арқылы, жазу, сауатты оқи алу, араб, латын әліппесімен танысып, жазып оқи алады, түркологиядағы манихей, ұйғыр жазуындағы көне ескерткіштер, соғды, шумер, аккад жазулары және жазудың өзге түрлерінің дамуы, зерттелінуі туралы біледі;<br>- қазіргі түркі халықтары олардың тілдері туралы, түркі тілдерінің классификациясымен, түркі жазуы мен тіл мәдениеті тарихының кезеңдері, Қазақстан эпиграфикасы және мәдени мұраларын біліп шығады. |
| **Пререквизиттері/пререквизиты** |
| Қазақ халық ауыз әдебиеті |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Кіріспе. Түркі филологиясының танымдық, тәрбиелік мәні. Қазіргі түркі халықтары олардың тілдері туралы мәліметтер. Түркі тілдерінің классификациясы, түркі тілдерінің даму, қалыптасу кезеңі. Түркі жазуы мен тіл мәдениеті тарихының кезеңдері. Жеке-жеке ұлт тілдерінің қалыптасуы. Көне түркі Орхон-Енисей, Талас жазба мұраларының мәні. Қазақстан эпиграфикасы және мәдени мұралар. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| XY-XYIII ғ. қазақ әдебиетінің тарихы, Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тулегенова Ш.И. |

| *Түркітану/Тюркология/Turkology* |
| --- |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Түркі тілінде сөйлейтін халықтардың тілін, этнографиясын, тарихын, ауыз әдебиетін, мәдениетін зерттеу. Көне ұйғыр, манихей, т.б. жазба ескерткіштердің зерттелуін қарастыру. Түркітану орта ғасырдағы араб,парсы, түркі тілінде жазылған тарихи жылнамаларды, филологиялық және географиялық шығармаларды зерттеп таныстыру.<br>Түркі халықтарының этникалық құрамы мен құрылымы туралы мәлімет бере отырып, тілдік сыбайластықтың тарихи сырын анықтай білуді, салыстыра анықтауды үйрету. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- түркі тілдерінің даму кезеңдерін, жеке тіл деңгейіне жету жолын, көне түркі тілдерін біледі, Орхон-Енесей әліппесімен танысу арқылы, жазу, сауатты оқи алу, араб, латын әліппесімен танысып, жазып оқи алады, түркологиядағы манихей, ұйғыр жазуындағы көне ескерткіштер, соғды, шумер, аккад жазулары және жазудың өзге түрлерінің дамуы, зерттелінуі туралы біледі;<br>- қазіргі түркі халықтары олардың тілдері туралы, түркі тілдерінің классификациясымен, түркі жазуы мен тіл мәдениеті тарихының кезеңдері, Қазақстан эпиграфикасы және мәдени мұраларын біліп шығады. |
| **Пререквизиттері/пререквизиты** |
| Қазақ халық ауыз әдебиеті |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Кіріспе. Түркі тектес халықтардың тілі мен мәдениеті, салты, грамматикасы туралы мәліметтер. Түркі тілдерінің классификациясы, түркі тілдерінің даму, қалыптасу кезеңі. Түркі жазуы мен тіл мәдениеті тарихының кезеңдері. Жеке-жеке ұлт тілдерінің қалыптасуы. Көне түркі Орхон-Енисей, Талас жазба мұраларының мәні. Қазақстан эпиграфикасы және мәдени мұралар. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| XY-XYIII ғ. қазақ әдебиетінің тарихы, Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тулегенова Ш.И. |

| ***Нормативтік қазақ тілі/ Нормативный казахский язык/ Standard Kazakh*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Пәнді оқытуда қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық ерекшелігі жөнінде жан-жақты түсінік беру арқылы студенттердің білім деңгейін кеңейту. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- Дыбыс, фонема, әріптердің бір-бірімен байланысы және айырмашылығын, дыбыстардың айтылуы мен жазылуы арасындағы айырмашылықтарды дыбыстардың үндесу заңдылықтарымен байланыстарымен танысады;<br>- Қазақ тілінің дыбыстық құрамына, әр дыбыстың жасалуына т.б. ерекшеліктеріне толық мінездеме беру, морфологиялық, синтаксистік талдау жасау, тілдік дыбыстық талдаудың жаңа түрі – сатылай комплексті талдау, дыбыстарды математикалық тәсіл арқылы талдау жасай алады;<br>- Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық ерекшеліктері, қазақ тіліндегі сөйлемдерде сөздердің орналасу тәртібін, олардың тіркесу заңдылықтарын игереді. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Латын негізді қазақ әліпбиі, Қазақ жазуының тарихы |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Кіріспе. Фонетика. Орфография. Тіл дамыту. Лексикология. Сөздің формалары. Сөздердің мағыналық қатынасына қарай жіктелуі. Фразеологизм. Мақал-мәтел. Сөздердің шығу тегіне қарай бөлінуі. Сөздердің қолданылу аясына қарай бөлінуі. Сөздердің экспрессивтік-стильдік сипатына қарай жіктелуі. Морфология. Морфема. Жалғаулар мен сөз түрлері. Зат есім. Сын есім. Сан есім. Есімдік. Етістік. Есімше. Көсемше. Үстеу. Еліктеуіш сөздер. Шылау. Одағай. Сөз тіркесі синтаксисі. Сөздердің байланысу түрлері. Сөйлемнің айтылу мақсатына, интонациясына қарай бөліну. Жай сөйлем түрлері. Сөйлем мүшелері. Құрмалас сөйлем және оның түрлері. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Жалпы тіл білімі және жаңа ақпараттық ресурстар, Қазақ тілінің тарихи грамматикасы |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Кушкинбаева Қ.Т. |

| ***Практикалық қазақ тілі / Практический казахский язык/Practical Kazakh language*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Пәнді оқытуда қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық ерекшелігі жөнінде жан-жақты түсінік беру арқылы студенттердің тәжірбиелік білімдерін қалыптастыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- Дыбыс, фонема, әріптердің бір-бірімен байланысы және айырмашылығын, дыбыстардың айтылуы мен жазылуы арасындағы айырмашылықтарды дыбыстардың үндесу заңдылықтарымен байланыстарын, сөз таптарының практикалық тұрғыдан қолданылуын игереді;<br>- Тіл дыбыстарына фонетикалық талдау, сөздерге лексикологиялық, морфологиялық талдау, сөйлемдерге синтаксистік талдау жасауды меңгереді;<br>- Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық ерекшеліктері, қазақ тіліндегі сөйлемдерде сөздердің орналасу тәртібін, олардың тіркесу заңдылықтарын біледі. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Латын негізді қазақ әліпбиі, Қазақ жазуының тарихы |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы және лексикологиясы.Фонетика. Орфография. Тіл дамыту. Фонетика (фонетикалық заңдылықтар) Орфография. Тіл дамыту. Лексикология. Сөздердің мағыналық қатынасына қарай жіктелуі. Шығу тегіне қарай бөлінуі. Лексикография. Сөздердің қолданылу аясына қарай бөлінуі.<br>Сөздердің экспрессивтік-стильдік сипатына қарай жіктелуі. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. Сөз таптары. Синтаксис. Сөйлем түрлері. Сөйлем мүшелері. Пунтуация. Оқшау сөздер. Күрделі синтаксистік тұтастық. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Жалпы тіл білімі және жаңа ақпараттық ресурстар, Қазақ тілінің тарихи грамматикасы |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Кушкинбаева Қ.Т. |

| ***XV-XVIII г. қазақ әдебиетінің тарихы / История казахской литературы XV-XVIII в. / History of Kazakh literature of XY- XYIII c.*** |
| --- |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Қазақ халқы жеке хандық болып құрылған кезеңдегі әдебиеттің көрнекті өкілдерімен таныстыру, олардың шығармашылығындағы көркемдік құндылықтарды көрсету. Жыраулық поэзия халық шығармашылығымен біте қайнап келген авторлық туынды екенін, жырау мен хандардың қарым-қатынасы патриархалды-феодалдық қоғамның арман аңсарын бейнелейтін көркем шығармашылық екенін ғылыми негізде түсіндіру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- Қазақ халқы жеке хандық болып құрылған кезеңдегі әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармашылығындағы көркемдік құндылықтармен танысады, жырау мен ақындардың туындыларының көркемдік ерекшелігін жан-жақты білетін болады;<br>- жыраулар поэзиясы (XIY-XYIIIғ.ғ.) жайлы толық жан-жақты қамтылған барлық мәліметтерді, олардың зерттелуін, рухани құндылықтарын, көркемділік ерекшелігін біледі.<br>- осы пәнде оқытылған барлық тақырыптарды толық зерттеп, ойын дәлелді, жан-жақты жеткізе біледі. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Түркі филологиясына кіріспе, Түркітану |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| XV ғасырдан басталатын қазақтың тек өзіне ғана меншікті төл әдебиетіне дейінгі дәуірдегі рухани мұралары. XY-XYIII ғасырлардағы қазақ жұртының ресейліктерге басыбайлы отар болмай тұрған кезіндегі әдебиеті. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы (1900-1930 ж.), XX ғасыр басындағы ағартушылық әдебиет |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тулегенова Ш.И. |

| ***Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті / Казахская литература ханской эпохи/Kazakh literature of the khan era*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Қазақ әдебиеті тарихында қазақ поэзиясының дамуы. Оның ішінде XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар шығармашылығының ақындық поэзиядан негізгі ерекшелігі, елдің іргелілігі үшін ақылгөйлік, көрегендік, даналық сөздер қарастырылады. Әдебиеттің көрнекті өкілдерімен таныстыру, олардың шығармашылығындағы көркемдік құндылықтарды көрсету. Жыраулық поэзия халық шығармашылығымен біте қайнап келген авторлық туынды екенін, жырау мен хандардың қарым-қатынасы патриархалды-феодалдық қоғамның арман аңсарын бейнелейтін көркем шығармашылық екенін ғылыми негізде түсіндіру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- Қазақ халқы жеке хандық болып құрылған кезеңдегі әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармашылығындағы көркемдік құндылықтармен танысады, жырау мен ақындардың туындыларының көркемдік ерекшелігін жан-жақты білетін болады;<br>- жыраулар поэзиясы (XIY-XYIIIғ.ғ.) жайлы толық жан-жақты қамтылған барлық мәліметтерді, олардың зерттелуін, рухани құндылықтарын, көркемділік ерекшелігін біледі.<br>- осы пәнде оқытылған барлық тақырыптарды толық зерттеп, ойын дәлелді, жан-жақты жеткізе біледі. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Түркі филологиясына кіріспе,Түркітану |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| XV ғасырдан басталатын қазақтың тек өзіне ғана меншікті төл әдебиетіне дейінгі дәуірдегі рухани мұралары. XY-XYIII ғасырлардағы қазақ жұртының ресейліктерге басыбайлы отар болмай тұрған кезіндегі әдебиеті. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы (1900-1930 ж.), XX ғасыр басындағы ағартушылық әдебиет |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тулегенова Ш.И. |

| ***XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы / История казахской литературы XIX века / History of Kazakh literature of XIX c.*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| XIX ғасыр әдебиетінің болмыс бітімін, көркемдік бейнелеудегі қайталанбас өзгешеліктерін таныту. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- XIX ғасырдағы қазақ тарихы және қазақ әдебиетімен, дәстүрлі айтыс өнерімен және оның өкілдерімен, Қоқан езгісіне карсылык сарынмен, әлеуметтік қайшылыктармен, сал-серілермен, ұлт-азаттық көтеріліс күрескерлерімен, олар туралы тарихи жырлармен, жаңа жазба әдебиет өкілдерімен танысады;<br>- XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін зерттеудің өзекті мәселелерін, алдағы міндеттерін талдай алады;<br>- Осы пәнде оқытылған барлық тақырыптарды толық зерттеп, ойын дәлелді, жан-жақты талдаулармен жеткізе біледі. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| XIX ғасырда қазақ әдебиетінде жыр үлгісінің түрлі дәстүрлі жанрымен бірге жаңа өлең түрлері туып дамыды. Оқиғалы дастан-поэмалар, сыршыл лирика, айтыс түрлері, сатира, қиссалар, ауыз әдебиеті үлгілері қатар жасады. Көркем прозаның үлгілері, сыни мақалалар, түрлі баспасөз жанрлары, көркем аударма, ғылыми-публицистика туып, қалыптаса бастады. XIX ғасыр әдебиетінің аса көрнекті өкілдері: бостандық рухты, ұлт азаттығын жырлаған Махамбет ақын, Шернияз, зар заман әдебиетінің ақындары - Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір; айтыс ақындары - Шөже, Орынбай, Балта, Сүйінбай, Марабай; сал-серілер: Сегіз Сері, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит; қиссашыл ақындар; жаңа жазба әдебиеті өкілдері - Шоқан, Ыбырай, Абай болып табылады. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихы (1900-1930), XX ғасыр басындағы ағартушылық әдебиет |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмағамбетова З.Ж. |

| |
|---|
| ***Орта ғасырлардағы қазақ әдебиеті / Казахская литература средних веков/Kazakh literature of the Middle Ages*** |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| XIII-XIY ғасырда жасаған қазақтың жыраулық мектебінің ілгері-кейінгі өкілдерінің шығармашылық мұрасымен таныстыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- Қазақ халқының ежелгі жыраулық дәстүрінің басында тұрған жыраулар шығармашылығын біледі;<br>- Орта ғасырлардағы қазақ әдебиетін зерттеудің өзекті мәселелерімен, алдағы міндеттерімен танысады;<br>- Осы пәнде оқытылған барлық тақырыптарды толық зерттеп, ойын дәлелді, жан-жақты талдаулармен жеткізе біледі;<br>- Орта ғасыр қазақ әдебиеті мен тарих байланысы, жыраулық дәстүр, әдеби шығармалардың көркем құндылығы жайында пікір білдіре алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Сыпыра жырау. Асан қайғы. Қыдан тайшы. Қазтуған жырау. Шалкиіз. Доспамбет. Марғасқа. Жиембет. Бұқар жырау. Үмбетей жырау. Ақтамерді жырау. Тәтіқара ақын. Көтеш Райымбекұлы. Шал ақын. Қобылан Бөрібайұлы. Абыл Тілеуұлы. Есет Қараұлы. Түбек Байқошқарұлы. Өске Торқаұлы. Махамбет Өтемісұлы. Шернияз Жарылғасұлы. Сүйінбай Аронұлы. Нысанбай Жаманқұлұлы. Мұсабай жырау. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихы (1900-1930), ХХ ғасыр басындағы ағартушылық әдебиет |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмағамбетова З.Ж. |

2 3 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер

| |
|---|
| ***ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы (1900-1930ж.) / История казахской литературы начала ХХ века (1900-1930 г.) / History of Kazakh literature of XX c. (Initial period: 1900-1930)*** |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі әдеби бағыттарды, шығармашылық ізденістерді зерделеу арқылы әдебиеттің болмыс-бітімін айқындау. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- 1900-1920 жылдар Кеңес дәуіріне дейінгі қазақ әдебиеті, 1920-1930 жылдар Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңіндегі зерттеулер, олардың ерекшелігі, қоғамдық жағдай және ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің келелі мәселелеріне арналған зерттеулердің жүргізілуі жөнінде, осы кездегі ақын-жазушылар еңбектерінің көркемділік ерекшелігін біледі;<br>- Пән бойынша өтілген тақырыптар жөнінде толық мәліметтерді меңгеріп, жеткізе алады, талдау жасай алады;<br>- Проза, поэзия, лириканың дамуы мен қалыптасуы, әдебиеттану мен сынның дамуы, байланысы, осы кезең әдебиетіне жататын ақын-жазушылар және олардың еңбектерінің көркемділігі жайында, олардың зерттелуі жайында, қазақ әдебиетіндегі рөлі жайында пікір білдіре алады;<br>- Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылық жолын, еңбектерінің көркемдік құндылығын, қазақ әдебиетіндегі орны жөніндегі ғалымдар зерттеулерінен тұжырым келтіре алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Орта ғасырлардағы қазақ әдебиеті |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Модуль 1. ХХ ғасыр басындағы тарихи-әлеуметтік жағдай және әдеби-көркемдік ізденістер. Қазақстанның Ресей отаршылдығы тұсындағы қоғамдық - әлеуметтік жағдайы. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дамуының екі кезеңге бөлінуінің себептері. Бағыт, ағым туралы жалпы түсініктер. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жалпы жетістіктері, өсу белестері. Нұржан Наушабаев. Шәді Жәңгіров. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Мақыш Қалтаев. Шәкәрім Құдайбердиев. Мұхамеджан Сералин. Сұлтанмахмұт Торайғыров. С. Дөнентаев. С. Дөнентаев. Модуль 2. Діни-ағартушы, ағартушы-демократ, ұлт-азатшыл бағыттардың белгілі өкілдері. Ғұмар Қарашев. Ахмет Байтұрсынов. Міржақып Дулатов. Жүсіпбек Аймауытов. Мағжан Жұмабаев. Бернияз Күлеев. Бейімбет Майлин. Сәкен Сейфуллин. Ілияс Жансүгіров. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| ХХ ғасырдың ІІ-жартысындағы қазақ әдебиеті, ХХ ғасырдағы тарихи проза |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмағамбетова З.Ж. |

| ***XX ғасыр басындағы ағартушылық әдебиет / Просветительская литература начала XX века/Educational literature of the early twentieth century*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Аталмыш кезеңнің қазақ әдебиеті даму үрдісіндегі өзіндік орнын қарастыру, өзекті мәселелерін уақыт талабына сай жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеу. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- ағартушылық әдебиет өкілдерінің көркемдік әдіс-тәсілдері мен өзіндік қолтаңбасын таниды;<br>- әдебиеттегі Абай дәстүрін жаңашылдықпен дамытудың сан-салалы шығармашылық ізденістерін саралайды;<br>- көрнекті туындыларды талдау арқылы кезең әдебиетіндегі әдеби жетістіктер мен кемшіліктерді сараптайды;<br>- ақын-жазушылар шығармашылығының қазақ әдебиетін өркендетудегі қызметін, өзінен кейінгі әдебиеттің дамуына тигізген игі әсерін байыптайды. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Орта ғасырлардағы қазақ әдебиеті |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| XX ғасыр басындағы тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиет. XX ғасыр бас кезіндегі әдеби-көркемдік ізденістер. Діни-ағартушы ақын-жазушылар. Бағыттың белгілі өкілдері. Ағартушы-демократ ақын-жазушылар. Бағыттың белгілі өкілдері. Ұлт-азатшыл ақын-жазушылар. Бағыттың белгілі өкілдері. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| XX ғасырдың II-жартысындағы қазақ әдебиеті, XX ғасырдағы тарихи проза |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмағамбетова З.Ж. |

| ***Қазіргі орыс тілі / Современный русский язык / Modern Russian*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| познакомить студентов с традиционными и современными представлениями о современном русском языке, установить системный характер этого уровня языка, показать функциональную значимость синтаксических единиц, что способствует развитию навыков сознательного и целесообразного использования речевых средств. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **После завершения курса обучающиеся будут**<br>- понимать сущность и методы научного подхода к теоретическому и практическом усвоении структурно-семантических типов предложения, их специфики, что необходимо для будущей профессиональной работы специалиста-филолога;<br>-овладевать практическими навыками различных видов анализа структуры слова;<br>- конструировать конструировать производные слова реконструировать процессы их производства;<br>- обладать навыками анализа текста в морфолого-синтаксическом аспекте;<br>- выбирать необходимую синтаксическую структуру простого предложения в зависимости от речевой ситуации и контекста;<br>- сознательно употреблять мотивированные слова в устной и письменной речи;<br>- анализировать основные признаки простого предложения, способы и средства связи слов в предложении, а также типы предложений, их строение, функции, условия употребления;<br>- критически оценивать современные теории и направления в синтаксисе, дискуссионность многих вопросов и соотношение их с изложением некоторых тем простого предложения в школьном учебнике. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Русский язык |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Основные признаки морфемы, ее место среди других языковых единиц. Морфология и лексика современного русского языка. Активные процессы в современном словообразовании Синтаксис «высший уровень» языка. Основные синтаксические единицы: словосочетание, предложение (простое и сложное), сложное синтаксическое целое. Словосочетание как непредикативная единица. Типы подчинительных словосочетаний. Виды синтаксической связи. Простое предложение как монопредикативная единица. Принципы классификации предложений в синтаксической традиции. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Сопоставительная грамматика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Ахметова Б.З. |

| *Нормативтік орыс тілі / Нормативный русский язык/Regulatory Russian* |
|---|
| *Оқу мақсаты / Учебная цель* |
| научить студентов целесообразному, нормативному использованию языковых средств в различных сферах общения. |
| *Оқыту нәтижесі / Результаты обучения* |
| **После завершения курса обучающиеся будут**<br>- понимать сущность и методы стилистической нормы, соотношение стилистических и речевых ошибок, типологию речевых ошибок при изучении лексической и грамматической стилистики.<br>- применять знания о стилистической, экспрессивно-эстетической нагрузке языковых единиц;<br>- вырабатывать лингвистическое чутье, любовь к хорошей, правильной речи, нетерпимость к стилистическим, речевым и грамматическим ошибкам и недочетам в словоупотреблении;<br>- использовать знания о стилистической, экспрессивно-эстетической нагрузке языковых единиц, средств и явлений при лингвостилистическом анализе художественного текста с учетом диахронического аспекта в изучении функционально-стилистических явлений, а также и экстралингвистических факторов влияния на стиль;<br>- эффективно использовать языковые средства в устной и письменной речи |
| *Пререквизиттері / Пререквизиты* |
| Русский язык |
| *Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса* |
| Нормы литературной речи как дисциплина. Нормы литературной речи как качество речи и наука. Предмет и задачи нормы литературной речи. Предыстория культуры речи: античная риторика, теория и практика русского красноречия. Нормы литературной речи и смежные лингвистические дисциплины: неориторика, стилистика, прагматика. Интегрированный характер культуры речи Норма как категория литературного языка. Литературный язык как форма национального языка: литературный язык и диалекты; взаимодействие литературного языка с просторечием и жаргонами. Современная языковая ситуация. Русский литературный язык в конце 20 века. Новые слова и их значение. Заимствованные слова. Грамматическая норма как система правил использования морфологических форм разных частей речи Ошибки при использовании прилагательных, числительных и глаголов Функциональные разновидности языка. Нормы разговорной речи. |
| *Постреквизиттері / Постреквизиты* |
| Сопоставительная грамматика |
| *Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы* |
| Ахметова Б.З. |

| ***Әлем әдебиетінің тарихы / История мировой литературы / History of world literature*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Әлем әдебиетінің процестерінің заңдылығын түсініп, шығармалардың көркемдік маңызын қоғамдық жағдайлармен, замандардың мәдениетімен байланыстыра білу. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- Әлем әдебиетіндегі шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін айқындайды;<br>- Әлем әдебиетінің ролі мен мағынасын, тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктерін, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерін меңгереді;<br>- Ақын-жазушылардың жалпы творчествосын, өзекті мәселелерін тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, нәзік әрі терең талдау жасай алады;<br>- Әдебиетінің заңдылығын, шығармалардың көркемдік маңызын қоғамдық жағдайлармен, замандардың мәдениетімен байланысын пайымдай алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Әдебиеттануға кіріспе |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Кіріспе. Антикалық әдебиет. Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуірінің әдебиеті. XYII- XYIIIғ.ғ әдебиеті. XIX ғ. Романтизм, реализм. XIX ғ. әдебиеті. Шығыс әдебиеті. Орыс әдебиетінің тарихы. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| XX ғасырдың II-жартысындағы қазақ әдебиеті, XX ғасырдағы тарихи проза |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмағамбетова З.Ж. |

| ***Орыс әдебиетінің тарихы / История русской литературы / History of Russian literature*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Студенттерге орыс әдебиетінің тарихын таныстыру. Орта ғасыр поэтикасының негіздері. Ежелгі дәуір, XVIII, XIX және XX ғасыр әдебиетіндегі аса маңызды еңбектерге талдау жасау. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- негізгі көркем әдебиеттерді; оқытатын кезеңдегі оқу және ғылыми-монографиялық еңбектерді біледі;<br>- бағдарламаға енген көркем мәтіндерді талдайды; шығармалардың шығу төркіні мен түрін анықтайды; арнайы жазушылардың шығармашылығын мінездей алады.<br>- көркем әдебиеттегі арнайы мәтіндерді талдайды; нақты бір көркем шығарманың әдебиет үрдісіндегі рөлі мен орнын бағалай алады;<br>- әдебиеттің теориясы мен тарихы бойынша (ежелгі дәуір, XVIII, XIX және XX ғасыр әдебиеті), филологиялық талдау, мәтінді интерпретациялау, әдебиет тарихы бойынша түсінігі қалыптасады, орыс әдебиетінің қазіргі жағдайы мен даму бағыттары, әдебиет бағыттары, әлем әдебиетінің қазіргі жағдайы мен даму бағыттары туралы тұжырым жасай алады. |
| ***Пререквизеттері / Пререквизиты*** |
| Әдебиеттануға кіріспе |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Курс «Орыс әдебиетінің тарихы» пәнінің ғылыми және практикалық жағын таныстырады. Пән ежелгі дәуір, XVIII, XIX және XX ғасыр әдебиеті аймағындағы әдебиеттануға негізделген мол тәжірбиені меңгеруге бағытталған. Пән бойынша орыс әдебиетінің классикалық шығармалары оқытылады. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| XX ғасырдың II-жартысындағы қазақ әдебиеті, XX ғасырдағы тарихи проза |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Ахметова Б.З. |

| ***Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі / Синтаксис сложного предложения современного казахского языка / Complex sentence of modern Kazakh*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Қазақ тілінің грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізде таныту, құрмалас сөйлемдердің түрлерін оқыту және олардың құрмаласуының амал-тәсілдерін үйрету. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- құрмалас сөйлем түрлерін ажыратып, құрмалас сөйлемнің құрылымдық элементтерін құрмалас сөйлем материалдары негізінде бағдарлайды;<br>- құрмалас сөйлемдердің синтаксистік жүйесін, құрмалас сөйлемнің құрылымдық сипаты мен мағыналық түрлерін ғылыми-практикалық тұрғыда меңгереді;<br>- теориялық білімді практикамен ұштастырып, тіл фактілерін нақты танып, оларды кәсіби және коммуникативті мақсатта қолданады;<br>- мәтін құрамындағы құрмалас сөйлемдерге синтаксистік талдау жасайды. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Құрмалас сөйлем. Құрмалас сөйлемнің грамматикалық белгілері. Құрмалас сөйлемдердің алғашқы түрлері. Жай сөйлемдерді салаластырушы және сабақтастырушы амал-тәсілдер. Салалас құрмалас сөйлемдер. Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Аралас құрмалас сөйлемдер. Көп компонентті құрмалас сөйлемдер. |
| ***Постреквизиттері/постреквизиты*** |
| Функционалдық стилистика, Қазақ тілінің фразеологиясы |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Оразбаева А.С. |

| ***Құрмалас сөйлем синтаксисінің практикумы / Практикум синтаксиса сложного предложения/Practical sentence syntax*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Білімалушылардың құрмалас сөйлем синтаксисі бойынша теориялық білімдерін практикалық жұмыстардың түрлері арқылы бекіте отырып, құрмалас сөйлемдердің түрлеріне қарай талдау дағдыларын қалыптастыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- білім алушылар қазақ тілінің грамматикалық құрылымын, құрмалас сөйлемдерді топтастыру принциптерін біледі;<br>- құрмалас сөйлемдердің түрлеріне қарай синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, синтаксистік талдау жасайды;<br>- практикалық және пәнаралық жобалармен жұмыс істеуге бейімделіп, мамандық бойынша өз еңбегін практикалық тұрғыда ұйымдастыра отырып, кәсіби ортада ғылыми-практикалық біліктілік дағдыларын сапалы ұсына алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Бұл пән бойынша құрмалас сөйлемдердің теориялық мәселелері практикалық тұрғыда қарастырылады. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлемдердің салалас, сабақтас болып топтасу принциптері. Жай сөйлемнің бір-бірімен құрмаласу тәсілдері. Салалас құрмалас сөйлемдер. Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Аралас құрмалас сөйлемдер. Көп компонентті құрмалас сөйлемдер. |
| ***Постреквизиттері/постреквизиты*** |
| Функционалдық стилистика, Қазақ тілінің фразеологиясы |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Оразбаева А.С. |

| *XX ғасырдың II-жартысындағы қазақ әдебиеті / Казахская литература II половины XX века / Kazakh literature of the second half of XX centure* |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| XX ғасырдың II жартысындағы әдеби процесс пен әдебиет тарихы жөнінде хронологиялық ұстанымды сақтай отырып толық әрі тиянақты білім алу**.** |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- XX ғасырдың орта тұсындағы әдеби процесс пен әдебиет тарихын біледі;<br>-Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы және олардың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, еңбектерінің көркем құндылығы жөнінде ой-тұжырым жасай алады;<br>- Проза, поэзия, лириканың дамуы мен қалыптасуы, әдебиеттану мен сынның дамуы, байланысы, осы кезең әдебиетіне жататын ақын-жазушылар және олардың еңбектерінің көркемділігі, олардың зерттелуі, қазақ әдебиетіндегі рөлі жайында пікір алмаса алады;<br>- Әдеби шығарманы талдай алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихы (1900-1930), XX ғасыр басындағы ағартушылық әдебиет |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Модуль 1. 1940-1960 жылдардағы қазақ әдебиеті. Дамуы. Жамбыл Жабаев. Иса Байзақов. Мұхтар Әуезов. Сәбит Мұқанов. Ғабит Мүсірепов. Ғабиден Мұстафин. Ғали Орманов. Тайыр Жароков. Хамза Есенжанов. Қасым Аманжолов. Модуль 2. 1960-2000 жылдардағы қазақ әдебиеті. Әбділдә Тәжібаев. Ілияс Есенберлин. Хамит Ерғалиев. Жұбан Молдағалиев. Сырбай Мәуленов. Тахауи Ахтанов. Бердібек Соқпақбаев. Әбдіжәміл Нұрпейісов. Зейнолла Қабдолов. Мұқағали Мақатаев. Сағи Жиенбаев. Жұмекен Нәжімеденов. Оралхан Бөкей |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Қазіргі қазақ әдебиеті және әдеби сын, Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі, Қазақ әдебиетін оқытудың педагогикалық технологиялары, Қазақ балалар әдебиеті, Қазақ әдеби тілінің тарихы |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмағамбетова З.Ж. |

| |
|---|
| ***XX ғасырдағы тарихи проза / Историческая проза XX века/Historical prose of the twentieth century*** |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| XX ғасырда жазылып жарық көрген, әдебиеттің тарихы мен процесінде айрықша орны бар тарихи прозаны идеялық, жанрлық, көркемдік-бейнелеу тәсілдері тұрғысынан талдау. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- XX ғасырдағы тарихи прозаның қалыптасуы, дамуы жайлы зерттеу жұмыстарымен танысады;<br>- Тарихи оқиғаларды шығармаларына арқау еткен ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы, еңбектерінің көркем құндылығы жөнінде ой-тұжырым жасай алады;<br>- Әдебиет пен тарихтың өзара байланысы, тарихи образ жасау ерекшеліктері, қиындықтары жайында пікір алмаса алады;<br>- Әдеби шығарманы талдай алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихы (1900-1930), XX ғасыр басындағы ағартушылық әдебиет |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| М.Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы». Повестің тарихи негізі. «Абай жолы» – тарихи эпопея. Романдағы суреттелінетін дәуір шындығы. Эпопеяның негізін құраған тарихи өмір шындығы, этнографиялық фактілер және олардың көркемдік-эсетикалық қызметі. С.Мұқанов «Аққан жұлдыз» романы. Шоқан бейнесі және тарихи шындық. І.Есенберлин "Алтын орда", "Көшпенділер" трилогиясы. Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясы. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Қазіргі қазақ әдебиеті және әдеби сын, Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі, Қазақ әдебиетін оқытудың педагогикалық технологиялары, Қазақ балалар әдебиеті, Қазақ әдеби тілінің тарихы. |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмағамбетова З.Ж. |

| ***Қазақ тілін оқытудың әдістемесі / Методика преподавания казахского языка / Methods of teaching Kazakh*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша тілдік категорияларды оқытудың дәстүрлі және жаңа технологияларын үйрету. Мұғалімнің шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуіне бағыт беріп, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгерту. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- қазақ тілін оқытудың принциптері мен әдіс-тәсілдерін меңгереді;<br>- қазақ тілі бағдарламалары негізінде сабақ жоспарын құрастыра біледі және оны қолданады;<br>- оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, тиісті оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды, сабақ жоспарын пайдалану арқылы білім беру жұмысын сапалы ұйымдастырады;<br>- кәсіби қызметінде оқытудың дәстүрлі және жаңа технологияларын қолданады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Қазақ тілін оқытудың әдістемесі – ғылыми пән. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-зерттеу әдістері. Фонетиканы оқыту әдісі. Лексиканы оқыту әдісі. Морфологияны оқыту әдісі. Синтаксисті оқыту әдісі. Орфографияны оқыту әдісі. Пунктуацияны оқыту әдісі. Тіл ұстарту әдістері. Көрнекті ғалым-әдіскерлердің мұрасы. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Педагогикалық практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Оразбаева А.С. |

| ***Қазақ тілін оқытудың педагогикалық технологиялары / Педагогические технологии преподавания казахского языка/Pedagogical technologies of teaching the Kazakh*** |
| --- |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Білімалушыларға қазақ тілін оқытудың дәстүрлі және инновациялық-педагогикалық технологияларын, технологиялық-педагогикалық диагностиканы анықтау тәсілдерін меңгерту. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- педагогикалық технологиялырдың түрлерін біледі;<br>- инновациялық-педагогикалық технологияларды тиімді қолданады;<br>- оқыту құралдарын жаңа мазмұнда, жаңа сипатта жетілдіреді;<br>-оқушының танымдық қабілеттерін дамыта отырып, ақпараттық, бағдарламалап, модульдік, дидактикалық бірліктерді ірілендіре оқытады;<br>- компьютерде, интернет жүйесінде жұмыс істей алу, қашықтықтан оқытуды, онлайн оқытуды жүзеге асырады;<br>- қазақ тілін оқытуды жаңартылған бағдарламаға сай ұйымдастырады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Бұл пән бойынша оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары, «педагогикалық технология», «оқытудың технологиясы» ұғымдары, оқытудың жаңа технологиялық түрлерінің шығу өзектілігі мен тарихы, оқытудың түрлері, жетекші идеялары мен тұжырымдамалары мәселелері қарастырылады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Ұжымдық оқыту технологиясы. Проблемалық оқыту технологиясы және т.б. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Педагогикалық практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Оразбаева А.С. |

| ***Салыстырмалы грамматика / Сопоставительная грамматика / Contrastive grammar*** |
| --- |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Қазақ және орыс тілдерінің ерекшеліктерімен танысып, оларды салыстыру тәсілдері мен принциптерін меңгеру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- Қазіргі қазақ және орыс тілдерінің арнайы теориялық және практикалық кешенін; сөз тіркесі мен сөйлемдерді лингвистикалық талдаудың барлық түрлерімен танысады;<br>- өзінің оқытушылық қызметінде әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар әдістемелерін қолданады; Отандық және шетел авторлар еңбектерін салыстырады; орыс және қазақ сөйлемдерін салыстыруда тірек ұқсастықтарды сол ұқсастықтар мен айырмашылықтардың болу себептері мен заңдылықтарын анықтайды, тілдердің әртүрлі сөз бөліктерін меңгереді, сонымен қатар салыстырмалы тілдердің тілдің көріністегі ұқсас және айырым белгілерін меңгереді;<br>- Қазақ және орыс тілдерін фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан талдайды, түрлі мәтіндермен жұмыс жасайды; аударма кезінде керек болатын компьютерлік бағдарламаларды меңгереді; тілдердің артикуляциялық ерекшеліктерін игереді;<br>- орыс және қазақ тілдерінің морфологиялық жүйесі мен лексикалық мінездемесін салыстыра алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Қазіргі орыс тілі, Нормативтік орыс тілі |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Модуль 1. Фонетика. Қазақ және орыс тілдеріндегі дыбыстардың жіктелуі. Консонантизмдер. Буын. Тасымал. Фонемалардың алмасуы.<br>Модуль 2. Грамматика. Қазақ және орыс тілдерінің морфологиясы. Зат есім. Сын есім. Сан есім. Есімдік. Етістік. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Аударманың теориясы мен практикасы |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмагамбетова З.Ж. |

| **Қазақ тілінің тарихи грамматикасы / Историческая грамматика казахского языка / Historical grammar of the Kazakh language** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы фонетикалық өзгерістердің рөлін, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктерін, сөзжасам жүйесі мен оның теориялық номинациялық қисындарын, грамматикалық құрылымындағы тұлғалық және қызметтік, мағыналық өзгерістердің себебі мен салдарын, сөз және сөйлем құрылымының күрделену сипатын т.б. ғылыми негіздерін кешенді түрде оқыту. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>-қазақ тілінің тарихи грамматикасының лексикасын, фонетикасын, грамматикасын біледі;<br>-қазақ тіліндегі сөздердің шығу тарихын, түрлену жүйесін, фонетикалық, лексикалық ерекшеліктерін қарастырады;<br>-тарихи мәтіндерге грамматикалық, морфологиялық және фонетикалық талдаулар жасайды;<br>-кәсіби ортада өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра біледі. |
| ***Пререквизеттері / Пререквизиты*** |
| Нормативтік қазақ тілі, Практикалық қазақ тілі |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Қазақ тілінің тарихы: лексикология, фонетика, сөзжасам. Қазақ тілінің тарихи дамуы, зерттелуі. Тарихи лексикология. Тарихи фонетика. Тарихи сөзжасам. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: морфология, синтаксис. Тарихи морфология. Тарихи синтаксис. Жай сөйлемнің дамуы. Құрмалас сөйлем. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Қазақ тілінің фразеологиясы |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Оразбаева А.С. |

| Қазіргі орыс тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы / Лексикология и лексикография современного русского языка / Lexicology and lexicography of modern Russian language |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| обеспечить представление о лексике как об особой подсистеме языка, сформировать умение самостоятельно анализировать лексические единицы, сопоставлять с ранее изученными явлениями языка. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **После завершения курса обучающиеся будут**<br>- понимать основные лексические и фразеологические нормы и уметь оценивать факты речи применительно к этим нормам,<br>- понимать и объяснять границы лексикологии, выработать умение распознавать лексикологические факты в сопоставлении с другими уровнями языка;<br>- производить квалифицированный анализ лексических явлений в русском языке;<br>. выработать навыки лексикографической работы |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Современный русский язык |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Лексический строй русского языка, понятие лексико-фразеологической системы, черты взаимодействия лексического яруса с другими языковыми ярусами (фонетикой и грамматикой), представление о лексике как системе. История русской лексикографии. Современная лексикография. Типология современных словарей. |
| **Постреквизиттері/Постреквизиты** |
| Теория и практика перевода |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Сегизбаева К.К. |

| |
|---|
| **Қазіргі орыс тілінің жай сөйлем синтаксисі / Синтаксис простого предложения современного русского языка/Simple sentence of modern Russian language** |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Совершенствование теоретических знаний в области синтаксиса простого предложения и применение их в практике. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **После завершения курса обучающиеся будут**<br>- понимать основы синтаксических единиц, компонентов синтаксических единиц и категорий синтаксиса с позиций структурно – семантического и функционального подходов;<br>- критически анализировать зания в области теории синтаксиса, сформировать определенную сумму лингвистических умений и навыков.<br>- использовать теоретические знания в научно-исследовательской работе;<br>- употреблять лингвистическую терминологию при анализе синтаксических единиц различных уровней и описания языковых явлений и процессов. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Современный русский язык |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Предмет и задачи синтаксиса; единицы синтаксиса и компоненты синтаксических единиц (слово, синтаксическая форма слова, словосочетание, предложение, сложное синтаксическое целое, текст). Понятие о синтаксеме. Средства построения синтаксических единиц в современном русском языке. Структура простого предложения. Структурные признаки простого предложения |
| **Постреквизиттері/Постреквизиты** |
| Теория и практика перевода |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Арсаева С.Б. |

3 4 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер

| *Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі / Методика преподавания казахской литературы / Methods of teaching Kazakh literature* |
|---|
| *Оқу мақсаты / Учебная цель* |
| Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты әдебиеттің сөз өнері, әрі ғылым ретіндегі ерекшеліктеріне сүйене отырып, оны «халқымыздың көркем тарихы» өмір оқулығы дәрежесінде оқытып, үйрету. |
| *Оқыту нәтижесі / Результаты обучения* |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- Негізгі теориялық әдістемелік ұстанымдарын, қазіргі ғылым парадигмасындағы әдебиеттің өзекті бағыттарын, олардың маңызды мәселелері мен жетістіктерін, әдебиеттану зерттеулерінің әдістері мен амалдарын меңгеріп шығады;<br>- Жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде ұйымдастыруға, игерген білімінің тұтас кешенін және компетенттік аспектідегі біліктілігін іс жүзінде қодануға және жүзеге асыруды үйренеді;<br>- Оқушының әдебиетке қызығушылығын қалыптастыру, олардың әдеби қабілетін дамытуда қажетті біліммен, біліктілік дағдыларымен қаруландырып жеке тұлғаның жан – жақты дамуына үлес қосып қолана біледі. |
| *Пререквизиттері / Пререквизиты* |
| XX ғасырдың II-жартысындағы қазақ әдебиеті, XX ғасырдағы тарихи проза |
| *Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса* |
| Кіріспе. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – ғылыми пән. Көркем шығарманы оқыту. Әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдері. Оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін қалыптастырудың маңызы. Көркем шығарманы оқыту. Әдебиет бойынша сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар. Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай оқыту. Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. Жазба жұмыстарына қойылатын талаптар |
| *Постреквизиттері / Постреквизиты* |
| Педагогикалық практика |
| *Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы* |
| Кушкинбаева К.Т. |

| ***Қазақ әдебиетін оқытудың педагогикалық технологиялары/Педагогические технологии преподавания казахской литературы/Pedagogical technologies of teaching Kazakh literature*** |
| --- |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Қазақ әдебиетін оқытудың педагогикалық технологиялары пәні әдебиеттің қыр-сырын оқу барысында оны әсерлі, нақты, заманауи тұрғысынан жеткізуді көздейді. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- Негізгі теориялық әдістемелік ұстанымдарын, қазіргі ғылым парадигмасындағы әдебиеттің өзекті бағыттарын, олардың маңызды мәселелері мен жетістіктерін, жаңа техникалық әдіс-тәсілдерді біліп шығады;<br>- Жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде ұйымдастыруға, игерген білімінің тұтас кешенін және компетенттік аспектідегі біліктілігін іс жүзінде қодануға және жүзеге асыруды меңгереді;<br>- Оқушының әдебиетке қызығушылығын қалыптастыру, олардың әдеби қабілетін дамытуда қажетті біліммен, біліктілік дағдыларымен қаруландырып жеке тұлғаның жан – жақты дамуына үлес қоса алады.<br>- Қазақстандағы және әлемдегі әдеби, тарихи-мәдени үдерістерін, әдебиетті оқытудың негізгі әдістемесін, оқытудың дәстүрлі және инновациялық технологияларын игеріп алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| ХХ ғасырдың ІІ-жартысындағы қазақ әдебиеті, ХХ ғасырдағы тарихи проза |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Кіріспе. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – ғылыми пән. Көркем шығарманы оқыту. Әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдері. Оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін қалыптастырудың маңызы. Көркем шығарманы оқыту. Әдебиет бойынша сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар. Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. Жазба жұмыстарына қойылатын талаптар. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Педагогикалық практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Кушкинбаева К.Т. |

| ***Педагогика және жас ерекшелік психологиясы/Педагогика и возрастная психология/ Pedagogy and age-related psychology*** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Студенттерде баланың жеке басын қалыптастыру және дамыту шарттары, мақсаттары, міндеттері, барлық жас кезеңдеріндегі педагогикалық және тәрбие процесінің заңдылықтары туралы тұтас білімдерін қалыптастыру |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білім алушылар:**<br>-педагогика және жас ерекшелік психологиясының әдіснамалық негіздерімен, баланың даму заңдылықтарымен, факторларымен және жас кезеңдерімен, оқу іс-әрекетінің психологиялық негіздерімен танысады;<br>-өзінің болашақ кәсіби қызметінде теориялық білімдерін қолдана алады;<br>-оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдістерін таңдауды негіздей алады;<br>-әр түрлі жастағы балалармен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастырады;<br>-білім беру жағдайын талдай алады;<br>- баланың психологиялық құрылымы мен жеке басының қасиеттері мәселелері, тұлғааралық коммуникация мәселелері жөнінде тұжырымды ой білдіре алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Психология |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Курс студенттерді онтогенездегі психиканың дамуының негізгі теориялары мен заңдылықтарымен таныстырады. Сондай-ақ, курсты оқу барысында студент іс-әрекеттің жетекші түрі, дамудың әлеуметтік жағдайы, жас нормасы, жас ерекшелігі туралы түсінік ады.<br>Оқу курсының мазмұны жас ерекшелік психологиясы мен педагогиканың пәнін, міндеттері мен әдістерін ашатын, осы ғылым салаларының жалпы мәселелерін қамтиды. Оқу курсының мазмұнында әйгілі психологтардың даму психологиясының іргелі мәселесі туралы көзқарастары ұсынылған: адамның қалыптасуындағы тұқым қуалаушылық пен қоршаған ортаның рөлі, адамның психикалық дамуын кезең-кезеңімен қарастыру тәсілдері ашылған. Сонымен қатар оқу курсы педагогикалық процесті, оқыту мен тәрбиелеу функцияларын, әр жас кезеңінде адамның оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жалпы формаларын ашатын сұрақтардан тұрады. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Педагогикалық практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тойымбетова Д.С. |

| **Бәсекеге қабілетті тұлға психологиясы /Психология конкурентоспособной личности/ Psychology of a competitive personality** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Студенттердің болашақ маман ретінде бәсекелікті қамтамасыз ететін тұлғалық қаситеттерін дамыту, технологияларды меңгерту. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білім алушылар:**<br>- негізгі тұлғалық даму технологияларымен танысады және оларды кәсібилік төңірігінде пайдалана алады;<br>- басқару, тиімді байланыс, өзін-өзі реттеу дағдыларын меңгереді;<br>- өмірлік іс-әрекеттің басқа да салаларында конструктивті қарым-қатынаста болуды қолдана біледі;<br>- адаммен қарым-қатынаста және кәсіби жағынан өз тағдырын шеше алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Психология |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Жеке тұлға. Жеке тұлға ұғымы мен оның құрылымы. Тұлға ретінде өсу. Конструктивтік қарым-қатынас. Жан-жалды алдын алу іс-шаралары. Пікіртала өнері. Қарым-қатынас барысында сұрақ қою. «Жақсы тыңдау» ережелері. Жан-жал. Жұмыс іздеу технологиясы. Өзін-өзі таныстыру стратегиясы мен техникасы. Көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде өзін-өзі көрсету. Маманның тұлға ретінде дамуы. Психикалық күюдің феномені. Кәсіби күюдің синдромы. Деструктивті күюдің алдын алу әдістері. Релаксациялық техникалар. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Педагогикалық практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тойымбетова Д.С. |

| Жастар саясаты/Молодежная политика / Youth policy |
| --- |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель:*** |
| Жастардың әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, заманауи басқару технологиялары мен жастармен жұмыс істеу әдістері аяларынан жаңа білім алуы. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- макро және микро социологияларының құрылымдарын;<br>- ҚР ішкі және сыртқы саясаттарының басты мақсаттарын;<br>- ҚР әлеуметтік, құқықтық, демократия аясында азаматтық қоғамды қалыптастыруды біледі.<br>- қоғамдағы өзекті мәселелерге шынайы баға береді;<br>- әлеуметтік, құқықтық, демократиялық саясаттың қыр-сырын меңгеруді игереді;<br>- ҚР жастар саясатының тұжырымдамасын талдайдыу және сараптайды;<br>- жастар арасындағы әлеуметтік құбылыстарды топтастыру дағдысын қалыптастырады;<br>- жастарға қатысты құқықтық және саяси мәдениет аясында, конфессияаралық және ұлтаралық мәселелер төңірегінде пікір білдіреді. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты:*** |
| Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса:*** |
| ҚР жастарының мемлекеттік-құқықтық саясаты. ҚР жастарының әлеуметтенуі: себептері, мәселелері, ерекшеліктері. Жастар арнайы әлеуметтік топ. ҚР жастарының мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаты. ҚР жастарының мемлекеттік рухани құндылықтары аясындағы саясаты. Жастардың кәсіптік және бәсекелестік дамуы. Мемлекеттік жастар саясатын өткізу барысында Қазақстанның мәселелері. Жастардың салауатты өмір сүруін қалыптастыру. Патриоттық және ұлтаралық бірлікті қалыптастыру. Еңбек нарығында жастардың бәсекелестігінің өсуі. Мемлекеттік жастар саясатының институттары. ҚР жастар ұйымдары. Қазіргі жастардың өзекті проблемалары. Ұрпақ қақтығысының теориялары. Мемлекеттің жас дарындарды қолдау және шындау мәселесі. Жастардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету. |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Шаукенов Ж.А. |

| ҚР діни саясаты/ Религиозная политика в РК/Religious policy in Kazakhstan |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель:*** |
| Студенттерді жалпы теориялық дінтану ұғымдарымен және нақты тәжірибеде әлемдегі ең көп тараған дәстүрлі және дәстүрлі емес діндермен таныстыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- діннің мәнін әлеуметтік құбылыс ретінде түсінеді;<br>- діннің негізгі классификациясын, діннің құрылысын, діни қауіпсіздікті, әлемдік діндердің ерекшеліктерін, әлемдік діндердің және дәстүрлі емес діндердің негізгі ерекшеліктерін, әлемдік діндердің Қазақстандағы орнын біледі;<br>- дін туралы діни ойшылдар түсінігін, зиялы қауым өкілдерінің пікірін игереді;<br>- әлемдік діндер туралы, Қазақстандағы діни мәселелер туралы өзіндік пікір қалыптастырады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты:*** |
| Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса:*** |
| Дінтану ғылым ретінде. Дінтану әлеуметтік және мәдениет феномені ретінде. Дінтанудың тарихи түрлері. Діннің пайда болуы және діни сенімнің алғашқы түрлері. Алғашқы діндер. Ұлттық діндер. Иудейлік монотеизм. Буддизм. Христиан діні. Ислам. Діни оқу негіздері. Қазіргі әлем мен қазақстандағы исламның рөлі мен орны. ҚР діни қауіпсіздігіне қауіп-қатер ретінде Қазақстан территориясындағы радикалдық және дәстүрлі емес ағымдар мен секталар. Қазақстан мемлекетті мен қоғамының, жеке тұлғаның қауіпсіздігіне қауіп-қатер ретінде деструктивті және тоталитарлық діндер мен жалған діни ағымдар. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Заңы. |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Шаукенов Ж.А. |

| **Аударманың теориясы мен практикасы/ Теория и практика перевода/ Theory and Practice of Translation** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Аударматану ғылымының теориялық мәселелері, аударма жасаудың техникасы, әдіс-тәсілдері мен аудармаға және аудармашыға қойылатын талаптар, аударма саласының жанрлық түрлері, қазақісқағаздары және олардың аударылуы, термин және терминология мәселелерін қарастыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- Аударма кезінде білім алушылар сөздің мағынасын түсініп, лексика және грамматикалық талаптарды, ұғымдар мен категорияларды жан-жақты терең қамти біледі;<br>- Балама аударма, тура аударма, жалпылама аударма сияқты түрлерін меңгереді;<br>- Аударма жасауда сөздікпен жұмыс жасауды игереді;<br>- Аударма жұмысында теориялық білімді практикалық негізде жүйелі пайдалана алады. |
| ***Пререквизеттері / Пререквизиты*** |
| Салыстырмалы грамматика |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Аударманың зерттелуі. Аударманың жалпы лексикологиялық белгілері. Аудармадағы лексикалық вариант түсінігі. Ауызша және жазбаша аударма түрлері. Адекватты аударма ерекшелігі. Сөз мағынасының аударма процесінде берілуі. Эквивалентсіз құбылыс, белгілері, берілу жолдары. Реалия-сөздер, топталуы, Реалия-зат, реалия-термин түсінігі. Аудармадағы тұрақты тіркестердің ерекшелігі. Аудармадағы грамматикалық айырым**.** Аударма процесінде қолданылатын бірліктер, түрлері, ерекшелігі. Аударма трансформациялары, олардың негізгі типтері, берілу жолдары. Аударма трансформациясының тіл, норма жүйесіне қатыстылығы. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Өндірістік практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмағамбетова З.Ж. |

| **Аудармашы жұмысындағы Интернет-технология / Интернет - технологии в работе переводчика / The Internet - technologies in work of the translator** |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Аудармашылардың жұмысын оңтайландыру үшін қажетті қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерімен меңгеру |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар**<br>- ақпараттық технологиялардың негізгі компоненттерін, IT-ны аудару үдерісіне енгізу кезеңдерін, аударма тәжірибесіндегі олардың орнын біледі;<br>- кәсіби аудармаға қойылатын талаптармен, машина аудармасының негізімен, терминологиялық деректер базасын құрастыру әдістерімен танысады;<br>- нақты аударма тапсырмаларын шешу үшін аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануды үйренеді;<br>- мәтінді аудару саласындағы ақпараттық технологияларды игереді, электрондық сөздіктермен жұмыс істеу дағдыларын, энциклопедиялық және анықтамалық жүйелермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады;<br>- қазіргі заманғы ақпараттық және библиографиялық мәдениеттің негіздерін меңгереді. |
| ***Пререквизиттер / Пререквизиты*** |
| Салыстырмалы грамматика |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Аудармашы ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктегі қызмет субъектісі және объектісі ретінде. Тәжірибе-аудармашының кәсіби өсу мүмкіндігі ретінде ақпараттық-коммуникативтік және коммуникациялық технологиялар. Аудармашы мен ақпараттық технологиялардың тәжірибелік қызметінде шешім ретінде тривиалды емес міндеттер. Ақпараттық-коммуникациялық ортадағы қызмет ретіндегі аударма. Антиплагиат жүйесінде жұмыс мәтінінің бірегейлігін тексеру және жоғарылату. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Өндірістік практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тасмағамбетова З.Ж. |

| *Функционалдық стилистика/ Функциональная стилистика/ Functional stylistic* |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Стилистиканың негізгі мәселелерімен, стильдерді тілдік ұйымдастыруымен, тілдік құралдарды сөйлеуде қолдану заңдылықтарымен таныстыру, сонымен қатар, дұрыс мәдениетті сөйлеу негіздерін қалыптастыру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- Стилистика және сөйлеу мәдениетін толық біле алады;<br>- Пәндегі ұғымдар мен категорияларды және эстетика қағидаларын меңгереді;<br>- Өз ойын еркін жеткізіп, мәдениетті, сауатты, әдеби тілде сөйлеуді игереді;<br>-Лирика, сатира, философия, сын туралы өз ойын еркін білдіре алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Көркем мәтінді лингвистикалық талдау |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Кіріспе. Стилистиканың зерттейтін мәселелері. Функционалдық стилистика. Стилистика ғылымының ұғымдары. мен категориялары туралы. Стилистикалық коннотация. Функциональдық стилистика. Ауызекі сөйлеу тілі. Ресми стиль. Ғылыми стиль. Публицистикалық стиль. Көркем әдебиет стилі (тілі). Тіл ярустары лингвистикасы. Грамматикалық стилистика. Безендіру стилистикасы. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Өндірістік практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Кушкинбаева К.Т. |

| ***Қазақ тілінің фразеологиясы / Фразеология казахского языка / Phraseology of Kazakh language*** |
| --- |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Сөздердің, күрделі сөздердің мағынасы мен шығу төркіні жөнінде, тұрақты тіркестердің, оның ішінде фразеологизмдердің құрамы мен құрылысы, өзіндік белгілері, даму тарихы жөнінде, олардың стильдік мәні мен сипаты жайында, қолдану қабілеттілігі, сөздік құрам жайында мағлұмат беру. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- Мағынаның ара жігін, фразеологизмдердің өзіне тән белгілерін, тұлғалық, мағыналық ерекшеліктерін, фразеологизмдердің түрлерін, фразеологизмдердің құрамы мен құрылысын біліп шығады;<br>- Берілген мәтіннен фразеологизимдерді тауып, олардың өзіндік ерекшеліктерін түсіндіріп бере алуды;<br>- Фразеологизимдердің лексикалық, стильдік қолданысын түсінуді, кәсіби қызметінде міндеттер қою және оны шешудің дұрыс жолын таңдай біледі;<br>- Оқу-кәсиби міндеттерін шешу үшін ғылыми ақпаратты жинауда және талдауда заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелерінде, заманауи компьютерлік технологияларды, интерактивті оқыту әдестерін пайдалана отырып, орта оқу орындарында қазақ тілі фразеологиясын оқытудың кәсіби-практикалық танымын және дағдыларын қалыптастыра алады. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| Қазақ тілінің тарихи грамматикасы |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Фразеологизмдердің теориялық негізі. Тұрақты тіркестер. Фразеологизмдердің зерттелуі. Фразеологизмдерге ұйытқы сөздер. Фразеологизмдер топтау мәселесі. Фразеологиялық норма және одан мақсатты ауытқудың түрлері. Көркем шығарма тіліндегі тұрақты тіркестер. Фразеологизмдедің пленастикалық, элипсистік тәсілімен жұмсалу ерекшелігі. Авторлық қолданыстағы тұрақты оралымдар. Тұрақты тіркестердің функционалды стиль түрлерінде қолданылуы. Сөйлеу тілі реңкіндегі фразеологизмдер. Стильдік контраст – кейіпкер тілін даралаудың бір тәсілі. Кітаби тіл реңкіндегі лексика-фразеологиялық бірліктер. Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі. Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Өндірістік практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Кушкинбаева К.Т. |

| |
|---|
| ***Қазақ балалар әдебиеті / Казахская детская литература / Kazakh children's literature*** |
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Білім алушыларға балалар әдебиетінің ұлттық негізін, ата-бабадан келе жатқан дәстүрлі рухын жеткізу. Қазақ балалар әдебиетінің тәрбиелік мәнін, әлемдік әдеби қордағы балаға етене жақын туындылардың эстетикалық әсерін қабылдауға бағыттау. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- балалар тақырыбында жазылған қазақ әдебиетінде жазылған барлық шығармалармен танысады;<br>- балалар әдебиетін зерттеудің өзекті мәселелерін, алдағы міндеттерін талдай алады;<br>- бала тәрбиесінің күрделілігі мен маңызын жете түсінеді, балалар әдебиеті пәнінің тарихын терең меңгеріп, оның өкілдерінің шығармаларымен толық танысады;<br>-осы пәнде оқытылатын барлық тақырыптарды толық зерттеп, ойын дәлелді,, жан-жақты талдаулармен жеткізе біледі. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| ХХ ғасырдың ІІ-жартысындағы қазақ әдебиеті, ХХ ғасырдағы тарихи проза |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Халық ауыз әдебиеті – балалар әдебиетінің бастауы. XIX ғасырдағы қазақ балалар әдебиеті. Ы.Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы. Абайдың тәрбие мәселесіне байланысты педагогикалық көзқарастары. ХХ ғасыр басындағы қазақ балалар әдебиеті. Шәкәрімнің балаларға арналған туындылары. С.Көбеевтің «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржімә» атты оқу құралдарының жанрлық ерекшелігі. Балалар әдебиетіне қосқан Алаш зиялылары. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы балалар әдебиеті. С.Бегалиннің балаларға арналған шығармалары. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Өндірістік практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тулегенова Ш.И. |

| Қазақ әдеби тілінің тарихы / История казахского литературного языка / History of the Kazakh Literary Language |
|---|
| ***Оқу мақсаты / Учебная цель*** |
| Курс түгелдей алғанда бүгінгі күні жалпы халық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің (ауызекі, жазба варианттарының) фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізде танытуды мақсат етеді. Өткен ғасырдағы ғылым мен мәдениет салаларында етек жайған ақтаңдақтардың орнын толтыруға, халықтың шынайы рухани мұрасын сын көзбен қайта ой елегінен өткізіп, өзіне қайтаруға жағдай жасады. Көптеген жылдар бойы ұмыт болған жазушылар, ақындар, философтар, тарихшылар шығармашылығына әділ баға беріліп, бұрын «тыйым» салынған бір қатар мәселелер өзекті деп танылды. |
| ***Оқыту нәтижесі / Результаты обучения*** |
| **Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:**<br>- ақын-жазушылардың шығармаларын толықтай біліп, қай ғасырға жататынын ажыратып, пәндегі ұғымдар мен категорияларды эстетика қағидаларымен танысады;<br>- тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктерін, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерін, алдағы міндеттерін талдай алады;<br>- осы пәнде оқытылған барлық тақрыптарды толық зерттеп, ойын дәлелді, жан-жақты талдаулармен жеткізе біледі. |
| ***Пререквизиттері / Пререквизиты*** |
| ХХ ғасырдың ІІ-жартысындағы қазақ әдебиеті, ХХ ғасырдағы тарихи проза |
| ***Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса*** |
| Қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі боп саналатын әр кездердегі әр алуан дәрежедегі, әр түрлі жағдайда сөз ұстаған арқалы ақындары мен тереңнен толғайтын абыз-жырауларының шығармашылық болмысы турасында белгілі бір жүйеге түскен сындарлы ұғым, білім қорын қалыптастыру. Халықтың ауыз әдебиеті мен жеке авторлар шығармашылығының рухани үндестік табуы арқылы жасалған асыл қазына – ұлт әдебиетінің нәрлілігі мен әрлілігіне тұщындыру арқылы, олардың туған ұлтына деген мақтаныш сезіміне дем беру, сол арқылы студенттердің санасын сәулелендіру. |
| ***Постреквизиттері / Постреквизиты*** |
| Өндірістік практика |
| ***Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы*** |
| Тулегенова Ш.И. |